

Баянауыл ауданының аумағында дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін тегін пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесін белгілеу туралы

Павлодар облысы Баянауыл аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 20 қарашадағы № 216/11 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 18 желтоқсанда № 4848 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі "Дене шынықтыру және спорт туралы" Заңының 48-бабына сәйкес, әлеуметтік көмек көрсету және спорттық инфрақұрылымға қол жеткізу мақсатында Баянауыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Баянауыл ауданының аумағында дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін тегін пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Баянауыл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасары Б.К. Тоғжігітоваға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н. Кұлжан

Баянауыл ауданы әкімдігінің
2015 жылғы "20" қарашадағы
№ 216/11 қаулысына
қосымша

Баянауыл ауданының аумағында дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін тегін пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесі

№	Азаматтар санаты	Жеңілдіктер мөлшері
1.	7 жасқа дейінгі балалар	тегін
2.	Көп балалы отбасыларынан оқушы -балалар	тегін
3.	Балалар үйінен оқушы -балалар	тегін
4.	Спорт ардагерлері	тегін
5.	Оқушылар	тегін
6.	Студенттер	тегін
7.	Зейнеткерлер	тегін

** Ескертпе: Осы тізбе мемлекеттік дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылыстарына қолданады.*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК